

ӘОЖ 37.016(574)

**ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА  
ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ АСПЕКТІСІНІҢ РӨЛІ**

*Баймаханова Ә.А., педагогика ғылымдарының магистранты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қаласы*

*Камишева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті*

*Мақала лингвоелтаным не екеніне түсінік бере отырып, елтаным бағытындағы қарым-қатынас түрлерін ажыратып көрсеткен. Шет тілін үйренушілер өз тілімен қоса, өзге елдің тілімен қоса мәдинетін, сал-дәстүрін, тарихын үйренетіндігі және лингвоелтаным аспектісінің не екеніне тоқталған. Шетел тілін оқытудағы лингвоелтаным аспектісінің рөлін қарастырған.*

Шет тілін үйрену мен қолдану аясы күн өткен сайын артуда. Үштілділікке сұраныс-қоғам қажеттілігі мен талабы. Жаңартылған оқыту үдерісінде шет тілін оқытуға лингвоелтаным (ЛЕ) элементтерінің мән-мағынасы күннен-күнге артуда. Дәстүрлі оқыту жүйесінде елтану мәліметтерішет тілінің базалық негізгі курсының оқыту барысында тек түсінік қалыптастыру ретінде болса, қазірде оқытудың ажырамас бір бөлігі ретінде қалыптасып келетіндіктен лингвоелтанымдық аспекті (ЛЕА) ерекше мәнге ие. ЛЕА – тіл үйренушіге тілді грамматика- лексика, фонетикалық тұрғыда ғана үйретіп қанақоймай, басқа елдердің рухани мәдинетіне араластыру құралы болып табылады. Осы орайда лингвоелтаным дегенім не екеніне тоқтала кетейін. Лингвоелтану – тіл үйретуді негізге ала отырып, сол үйреніп отырған ел туралы деректер беру бағыты. Ал лингвоелтанымның басты мақсаты – түпнұсқа мәтіндерді және серіктесінің сөзін қабылдай отырып, мәдениаралық қатысым актісіндегі коммуникативтік құзіреттілікті қамтамасыз ету. Елтанымдық бағытта тіл үйретудің негізгі тапсырмасы үйреніп отырған халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктерінен нақты көрініс беретін тілдік бірліктерді меңгерту болып табылады. Сонымен «Лингвоелтаным» тіркесі өзі айтып тұрғандай, бір жағынан тілді үйретсе, екінші жағынан, сол тілді тұтынатын ел туралы бағыт. Дәстүрлі елтаным мен лингвоелтанымның айырмашылығын нақты анықтап алу керек. Қандай тілді оқытуда болмасын, елтаным ұзақ уақыт бойы оқытылып келе жатқан қоғамдық пән, ал лингвоелтаным филологиялық пән ретінде тілді оқытудан бөлек қарастырылмайды, тілді үйретуде практика түрінде тілдік бірліктердің семантикасын оқытады.

ЛЕА шет тілін оқытудың түпкілікті мақсаттарын, атап айтсақ, қарым-қатынас жасауға үйретуді іске асыруға бағытталған. Оқушыларды өзге тілді қарым-қатынасқа дайындау, оларға адекватты тілдік қарым-қатынаснаормаларын сіңірмей-ақ, коммуникативтік қабілетті қалыптастыру мүмкін емес. Бұл орты мектепте шет тілін оқыту барысында ЛЕА әзірлеумен байланысты мәселелердің маңыздылығымен өзектілігін айқындайды. Ал бұл өзектілік зерттеу мақсаттарын төмендегіше айқындады: лингвоелтаным аспектісінің шет тіл мен өзге тіл мәдинетін оқытуға ықпал ету жағдайларын айқындау; дамудың мәдинеттанушылық деңгейін кеңейтуге қатысты тиімділікті күшейту.

Осыған орай, біз/мен лингвоелтанымды зерттеудің объектісі ретінде айқындаймыз. Бұнымен қоса ел мәдинетін үйрету зерттеу пәні болып табылады. Сондықтан да шет тілін оқыту барысында ЛЕА пайдалану тиімділігінің жоғары екенін білеміз. Бұл оқытылатын тілдің өзіндік ерекшеліктерін неғұрлым терең, толық ұғынуға жол береді. Осы арқылы өзге елдің мәдинетін тереңірек үңілуге ЛЕА жол ашады.

**ҚҰЗЫРЕТТІЛІК БІЛІМ: МОДЕЛЬДЕР,  
ӘДІСТЕР, ТЕХНОЛОГИЯЛАР  
КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
МОДЕЛИ, МЕТОДЫ, ТЕХНОЛОГИИ**

---

Орта мектептерде шет тілін оқытуда ЛЕА ұғымына тұрақты қолданыс қарым-қатынас шарттарына қатысы бар өз ойын білдіру тәсілі, яғни нақты осы жағдайға арналған сөйлеу түрі енеді. Осы жағынан қарағанда сөйлеу этикетінің вербалды формаларын қалыптастыруда сұхбаттық тілдесімді дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстар маңызды рөл атқарады. Оқулықтағы көрнекі суреттермен бірге берілген мәтіндік материалдар зат бейнесі мен оқытылатын тіл сөзінің арасындағы неғұрлым мықты байланысты орнатуға мүмкіндік береді. Елтаным білімінің лексикалық аясын қалыптастыруға жол ашады. Түрлі бейне материалдарды пайдалану, тыңдалым жұмыстары сыныпта оқу үдерісінде жүргізумен қатар:

- мектепішілік деңгейде – шетелдік қонақтармен кездесулер не шет ел мамандарының сабақ өтуі;

- мектепаралық тіптен халықаралық деңгейде – шет тілінде хат алмасу, пікірталастар мен түрлі олимпиадалар;

- мектептен тыс деңгейде, оқушылар онлайн не офлайн форматта нақты жүйе бойынша қарым-қатынас жұмыстарын жасау арқылы ЛЕА-ны іске асыруға болады. Қарым-қатынастың жоғарыда айтылған үлгілерінің барлығы өмірден, қоғамнан тыс бола алмайды. Мұндай қарым-қатынастар адам үшін қызмет етеді, адамдардың өзара түсіністігіне жол ашады», – дейді [2].

Мысалы, әр елдің амандасу салтының өзі әр ұлтта әр түрлі екендігін түсіндіру тіл үйренушілерге үлкен әсер қалдырады. Сонымен қорыта келгенде, лингвоелтанымдық бағытта тіл үйретуде төмендегідей ерекшеліктерге мән берген маңызды: базалық білім; мақал-мәтелдер, қанатты сөздер; сөздік қор; сөйлеу этикеті; тарихы мен географиясы; бейвералды амалдар; салт-дәстүрі мен мәдінеті.

Сонымен шетел тілін лингвоелтанымдық бағытта оқытуда жоғарыда айтылғандарды назарда ұстаған дұрыс. Себебі, шет тілін үйренуші сол елдің тілін оқу арқылы халықтың тілімен бірге, салт-дәстүрімен, тарихымен, мәдінетімен танысады. Осы арқылы шетел тілінің лингвоелтанымдық айырмашылықтарын ұғынады, тереңінен түсінеді. Демек, лингвоелтанымдық зерттеулер әр ұлттың ғасырлар бойында жинақтаған, бүгінгі санасында сақталған, келешек буынға берілетін құндылықтарды жинақтаушы қор – лингвоелтанымдық сөздік әр ұлттық тілде құрастырылуы керек және әр елдің ұлттық тілдік саясатында қолға алынуы қажет мәселе екендігін көрсетіп отыр.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Ф. Оразбаева «Тіл әлемі» / А., 2009
2. Н.Г. Комлев «Компоненты содержательной структуры слова» / М., 1969
3. О.С. Ахманова «Словарь лингвистических терминов» / М., 1969
4. Н.Д. Гальскова, Н.И. Гез «Теория обучения иностранным языкам. Лингводидактика и методика» / М., 2006
5. Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров «Язык и культура Лингвостароведение в преподавании русского языка как иностранного» / М., 1990